

# Қазақстан халқының Тілдер күніне және Қазақстан Тәуелсіздігінің 30-жылдығына арналған "Тіл – Тәуелсіздік тірегі"

## Тілдер апталығына шолу

**Ис-шараның мақсаты:** студенттердің бойында патриоттық сезімді қалыптастыруға ықпал ету, мемлекеттік тілді білуді ынталандыру және халықтың мәдени мұрасын зерделеу арқылы патриотизмге тәрбиелеу.

Көпмәдени мереке – "Қазақстан халқының Тілдері күні" негізінде идея жатыр: Әрбір тіл – бүкіл адамзаттың рухани мұрасының бір бөлігі, ал әрбір мәдениет – әлемдік өркениетке қосқан баға жетпес үлес.

2021 жылдың 20 қыркүйегінде көлік колледжінде Қазақстан халқының Тілдер күніне және Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған "Тіл – Тәуелсіздік тірегі" Тілдер апталығы басталды. Аптаның ашылу салтанаты таңертең колледждің жайлы ауласында басталды. Филологиялық цикл оқытушылары сұрақтарды үш тілде дайындады. Студенттер осы флэшмобқа үлкен ықыласпен қатысты.



Одан әрі, үлкен үзілісте оқытушылар өз шәкірттерін мерекемен шын жүректен құттықтап, еліміздің аумағында дамып келе жатқан Тілдер туралы, Тәуелсіздіктің еліміз үшін және халқымыз үшін маңыздылығы туралы айтып, алдағы апта жоспарларымен бөлісті. Ашылу, әрине, үш тілде – мемлекеттік тілде (қазақ), ұлтаралық (орыс) және халықаралық қарым-қатынас тілінде (ағылшын) жүргізілді.

"Тілдер апталығы" аясында Көлік колледжінде 20 қыркүйегінде 11 ТР және 11 СМ топтары негізінде "Тіл-тірі жан" тақырыбында сынып сағаты өтті.

Балалар ұлы ақындардың өлеңдерін қазақ және орыс тілдерінде оқыды. Алдын ала жеребе бойынша екі топ (аралас) үш командаға бөлінді: 1.Знатоки. 2.Умники. 3.Эрудиты.



"Где логика?" атты интеллектуалды ойын өткізілді. Мақал-мәтелдерді білуде жоғары нәтижелерді Умники командасы көрсетті, 1 орын алды. 2-ші орынның жетістіктері Эрудиттер командасына берілді. Үшінші орынды Знатоки командасы иеленді. Балаларға ойын ұнады. Командаларға ынталандыру сыйлықтары берілді.

Қыркүйек айының 21-і күні 11 Тэмк, 13 Тэмк топтары "Ел Тәуелсіздігіне 30 жыл" тақырыбында шығарма жазды.



Бұл шығарма Көлік колледжінде өтіп жатқан Тілдер апталығына арналды. Тәуелсіздік - ата-бабамыздың аңсаған арманы еді. Еліне бостандық алып беру үшін, аталарымыз қан майданда жанын құрбан етіп, аянбай шайқасты, деді студенттер.

Соның бәрі ұрпағының азат, тәуелсіз өмір сүруі үшін еді. Міне, бүгінде біз - азатпыз, азат елдің ұрпағымыз. Ашық аспан астында өмір сүріп, Отаныңның ауасын құшырлана жұтып, суынан ішу, кең даласының төсінде еркін-ойнап күлудің өзі қандай бақыт! Әркімге жалтақтамай, өз жеріңнің иесі өзің болып, өз заңыңмен өмір сүру бақыты қазақтың басынан кетпесе дейміз. Елбасының арқасында еліміз тыныш болғандықтан, соғыс деген сұмдықтан аманбыз.

Республика көлемінде тойланатын «Тілдер мерекесінің» аясында колледжімізде Тілдер апталығында 1 курс 12 ТРк тобында білімділер сайысы өтті. «Тілі жойылған мемлекеттің өзі де жойылады» демекші сайыстың мақсаты студенттер бойында ана тіліне деген құрмет қалыптастыру болды. Сайыс барысында мақал –мәтелдерді, қазақ тілінің грамматикасы да қайталанды. Сайыс өз мақсатына жетті. Қорытындысы бойынша әр кезең бойынша жүзден жүйрік анықталып, марапатталды.

Осы апта ішінде барлық тілек білдірушілер түрлі іс-шараларға қатысуға, өздері үшін жаңа және қызықты нәрсе үйренуге, сондай-ақ өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетуге және өздерін ана тілінің иесі ғана емес, бүкіл әлемнің бөлшегі ретінде сезінуге мүмкіндік алды.